

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Ш.ЕСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАСПИЙ МЕМЛЕКЕТТІК ТЕХНОЛОГИЯЛАР
ЖӘНЕ ИНЖИНИРИНГ УНИВЕРСИТЕТІ

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР ИНСТИТУТЫ
БИОЛОГИЯ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯ КАФЕДРАСЫ

Кенжебекова Дина Тілекбайқызы

**Химиядан есептерді шығару әдістемесі пәнінің тәжірибелік
сабақтарына арналған әдістемелік нұсқау**
050112 «Химия» мамандықтарына арналған

АҚТАУ, 2011ж

УДК 371.3

Құрастырған: п.ғ.к., доцент Кенжебекова Д.Т. «Химиядан есептерді шығару әдістемесі пәніне арналған әдістемелік нұсқау»-Ақтау,2011. – 35б.

Пікір жазған: х.ғ.к., доцент Туркменбаева М.Б.

Берілген әдістемелік нұсқау химиялық есептерді шығару әдістемесі пәнінің тәжірибелік сабақтарына қосымша ретінде, химияда кездесетін есептердің түрлері, оларды шығару әдістері, тәсілдері және жолдары берілген. Бұл нұсқау химия мамандықтарында оқитын студенттерге арналған.

Нұсқаудың мәтіні жатық, түсінікті тілмен жазылған.Есептердің шарттары бағдарламаға сай берілген. Бұл нұсқаулық химик-педагогтарға қосымша ретінде пайдалануларына болады.

Ш.Есенов атындағы Каспий мемлекеттік технологиялар және инжиниринг университетінің Оқу-әдістемелік кеңесінің шешімі бойынша баспаға ұсынылған.

©Ш.Есенов атындағы КМТЖИУ, 2011

АЛҒЫ СӨЗ

Бұл нұсқаулық химиядан есеп шығару пәнін оқыту процесі кезіндегі орындалатын міндетті элементтердің бірі.

Мұнда орта мектепте химия пәніне қатысты жаттығулар мен есептердің түрлерін шығару әдістемелері көрсетілген. Орта мектеп бағдарламасында қарастырылатын сан есептері, эксперименттік есептер, сыныптан тыс факультатив сабақтарда (молярлы, нормальды, концентрациялы ерітінділерге стехиометриялық схемаға, газ қоспаларының құрамын анықтауға байланысты) есептерді орындау әдістемелері қарастырылған. Сонымен бірге, жалпы әдістемелік нұсқаулардан басқа, орта мектептерде жеке-жеке сыныптарда шығарылатын есептердің ерекшеліктері оқытылады.

Қазіргі таңда, пәнаралық байланыстарға көп көңіл бөлінеді, соның ішінде химияның физикамен, математикамен байланыстары өте қажет. Бұл осы пәнді оқыту кезінде анық көрсетілуі керек. Сол себепті, мысалы, әртүрлі есептеу есептерін шығару әдістері

(пропорция арқылы шығару, бірлікке келтіру, бір белгісіз алгебралық теңдеулерді құру) физика, математика пәндерінде қолданылатын әдістермен және заңдармен тығыз байланысты. Физика пәнінде қолданылатын газ заңдары химия сабағында байланыстырылуы керек.

Сондықтан бұл нұсқаулықта физика пәніндегі есептерді шығару әдістерімен өте тығыз байланыстыра отырып оқытылу қарастырылған. Химия есептерін шығару әдістемесі пәнінің тәжірибелік сабақтарына арналған нұсқаулықта орта мектеп бағдарламасындағы есептер мен жаттығуларды шығару әдістерін қарастырып қоймай, химия есептер мен жаттығулар жинақтарын анықтамалықтарды пайдалана отырып, оқушылардың химия пәніне білім сапасын арттыруда, химия мамандықтарына баулуда, химиялық олимпиада есептерін шығару әдістемелерін қолдануда маңызы зор.

Пәнді оқыту мақсаттары:

-студенттерді орта мектеп бағдарламасы шеңберінде қарастырылатын химия есептерін шығаруға үйрету;

-студенттерді мектептегі педагогикалық практикаға дайындау.

Пәнді оқыту үшін меңгерілуге қажетті пәндер: мектеп көлеміндегі математика, физика және химия және университеттердің химия факультеттерінің бағдарламасы көлеміндегі аорганикалық, аналитикалық, органикалық және физикалық химия.

ТИПТІК ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРЫНЫҢ ТІЗІМІ

1. Физикалық шамалардың бірліктерінің халықаралық жүйесін химияда қолдану туралы жалпы әдістемелік нұсқаулар.
2. Химияның негізгі стехиометриялық заңдары және химиядағы сандық есептеулерге қолдану әдістемесі.
3. Бейорганикалық және органикалық заттардың ең қарапайым және молекулалық формулаларын табуға арналған есептерді шешу әдістемесі.
4. Газ заңдарына арналған есептерді шешу әдістемесі.
5. Қатты заттардың ерігіштігіне арналған есептерді шешу әдістемесі.
6. Ерітінділердің концентрацияларын өрнектеудің әртүрлі әдістерін пайдаланып есеп шығару әдістемесі: массалық үлес, көлемдік үлес, молярлық үлес, молярлық концентрация, эквиваленттің молярлық концентрациясы, молярлық концентрация және олардың бірінен біріне көшу.
7. Химиялық реакция теңдеулері бойынша жүргізілетін есептеулердің жалпы әдістемесі.
8. Реагенттердің бірі артық мөлшерде алынған жағдайда олардың белгілі массалары бойынша өнімдердің массасын (көлемін) есептеудің әдістемесі.
9. Реагенттердің бірінің құрамында бөтен қоспа болған жағдайда олардың белгілі массасы бойынша өнімдердің массаларын есептеу әдістемесі. Реакция өнімінің шығымын есептеу.
10. Параллель және тізбектес жүретін реакция теңдеулері бойынша есептеулер жүргізу әдістемесі.
11. Химиялық реакциялар жүруінің термодинамикалық және кинетикалық заңдылықтарына есептеулер жүргізу әдістемесі.
12. Ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктерге есептер шығару әдістемесі.
13. Тотығу-тотықсыздану реакцияларын құру әдістемесі.
14. Электролизге арналған есептерді шығару әдістемесі.

1.ТӘЖІРИБЕЛІК САБАҚТАРДЫҢ МАЗМҰНЫ

№ 1- тәжірибелік сабақ (2сағ.)

Сабақтың тақырыбы: Кіріспе. Физикалық шамалардың бірліктерінің жүйесін химияда қолдану.Химияның негізгі стехиометриялық заңдары және химиядағы сандық есептеулерге қолдану әдістемесі.

Сабақтың мақсаты: Химиялық есептерді шығару әдістемесі және олардың түрлері, физикалық шамалардың бірліктерінің жүйесін химияда қолдану.Химияның негізгі стехиометриялық заңдары және химиядағы сандық есептеулерге қолдану әдістемесін үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: Орта мектепке арналған химия оқулығы, анықтамалықтар.

Жалпы түсінік

Химиялық есептерді шығару әдістемесі пәні есептер шығарудың әдістерін, тәсілдерін зерттеуші педагогикалық ғылым. Химиялық есептерді шығару әдістемесі пәні физика, математика пәндерімен тығыз байланысты.Есеп шығару кезінде оқушылар теориялық білімдерін практикада қолдану дағдыларын қалыптастырады.Пәнді оқытудың мақсаты- студенттерді орта мектеп бағдарламасында қарастырылатын химия есептерін шығаруға үйрету, студенттерді мектептегі педагогикалық практикаға дайындау.

Уақыттың, ұзындықтың, массаның, температураның, ток күштерінің, жарық күшінің өлшем бірліктерінің халықаралық жүйесінің негізгі бірліктері туралы түсіндіру.

Жұмыстың жүрісі

Орта мектепке арналған химия бағдарламасымен таныса отырып, мектепте қарастырылатын есептердің типтерімен танысу, өлшем бірліктермен танысу.Маса, салыстырмалы атомдық масса, мольдік масса, зат мөлшері туралы түсінік беру.Анықтамалықтарды қолдана отырып, өлшем бірліктерінің шамаларымен танысу.Химиялық элементтердің изотоптары қоспасының салыстырмалы атомдық массаларының орта шамаларымен танысу.

Қайталау сұрақтары

1. Химиялық есептерді шығару әдістемесі пәні нені оқытады?
2. Химиялық есептерді шығару әдістемесінің алдында тұрған міндеті және мақсаты қандай?
3. Уақыт, ұзындық, масса, температура, қысым қандай өлшем бірліктермен өлшенеді?
4. Салыстырмалы молекулалық масса дегеніміз не?
5. Химиялық есептерді шығару әдістемесі пәні қандай пәндермен тығыз байланысты?

№ 2- тәжірибелік сабақ (2сағ.)

Сабақтың тақырыбы: Бейорганикалық және органикалық заттардың ең қарапайым және молекулалық формулаларын табуға арналған есептерді шешу әдістемесі. Газ заңдарына арналған есептерді шешу әдістемесі.

Сабақтың мақсаты: Бейорганикалық және органикалық заттардың ең қарапайым және молекулалық формулаларын табуға арналған есептерді шешу әдістемесін және газ заңдарына арналған есептерді шешу әдістемесін үйрену.

Керекті құрал-жабдықтар: химиялық реактивтер, анықтамалықтар, оқулықтар, есептер мен жаттығулар жинақтары.

Жалпы түсінік

Химиялық формуладан қорытынды, яғни атом-молекулалық теориядан химиялық реакциялардан атомдардың бөлінбейтіндігі шығады. Молекула құрамына тек қана әрбір элементтің бүтін саны кіруі мүмкін. Қарапайым формула әртүрлі элементтің ең кіші саны молекуланың сандық құрамын көрсетеді. Қарапайым формуланы табу үшін молекуланы құрайтын элементтердің сандық қатынастарының берілгені керек. Сонымен бірге, салыстырмалы молекулалық массалары да қажет

Күрделі заттағы элементтердің қатынастары процентпен немесе массалық үлеспен көрсетілген, қосылыстың нақты шын формуласын көрсетпейді. Сондықтан формуланы дұрыс табу үшін олардың молекулалық массасын білу қажет. Мұндай есептер екі тәсілмен шығарылады:

1-тәсіл: қосылыстың құрамындағы элементтердің құрамының процентпен немесе массалық үлеспен берілуі оның қарапайым формуласын береді. Одан кейін газдың тығыздығы бойынша салыстырмалы молекулалық массаны анықтайды.

2-тәсіл: Газдың тығыздығы арқылы салыстырмалы молекулалық массасын табады. Әрі қарай проценттік құрам немесе массалық үлес бойынша қосылыстың құрамына кіретін әрбір элементтің бөлігін анықтайды. Табылған бірлікті салыстырмалы атомдық массаға бөліп, молекулалық формуладағы атом сандарын табады. Міне осы типтес есептер 10- сынып бағдарламасында бірден бір қарастырылатын есептер болып келеді. Осылардан басқа 10-сыныпта химия курсында қарастырылатын есептердің барлығы шығарылады.

Жұмыстың жүрісі

1. Бейорганикалық және органикалық заттардың ең қарапайым және молекулалық формулаларын табуға арналған есептерді шығару.
2. Газ заңдарына арналған есептерді шешу.
3. Проценттік құрамы немесе массалық үлесі бойынша заттың қарапайым формуласын табу;
4. Берілген сандық анализ бен молекулалық масса бойынша заттың химиялық формуласын табу.
5. Ю.В.Ходаков оқулығындағы есептерді шығару

Қайталау сұрақтары

1. 10-сыныпта қарастырылатын есептердің типтері қандай ?
2. Проценттік құрам бойынша заттың формуласын қалай табады ?
3. Берілген сандық анализ бен молекулалық масса бойынша заттың химиялық формуласын қалай табады? Мысалдар келтір.

№ 3- тәжірибелік сабақ (2сағ.)

Сабақтың тақырыбы: Қатты заттардың ерігіштігіне және ерітінділердің концентрациясын өрнектеудің әртүрлі әдістерін пайдаланып есеп шығару әдістемесі.

Сабақтың мақсаты: Қатты заттардың ерігіштігіне және ерітінділердің концентрациясын өрнектеудің әртүрлі әдістерін пайдаланып есеп шығару әдістемесін үйрену.

Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі концентрациялы тұз, қышқыл, негіз ерітінділері, пробиркалар, индикаторлар.

Жалпы түсінік

Ерітінділер, ерігіштік, еріген зат, еріткіш туралы мағлұмат беру. Әртүрлі концентрациялы ерітінділер дайындау жолдарын түсіндіру. Қатты заттардың ерігіштігіне есептер шығару. Ерітінділердің түрлері, олардың ерігіштігінің температураға байланыстылығын байқау және олардың қисығын графикке түсіруді үйрету.

Жұмыстың жүрісі

Ерітінділердің ерігіштігінің температураға байланыстылығын графикке түсіру. Қатты заттардың ерігіштігіне есептер шығару. Әртүрлі концентрациялы ерітінділер дайындау.

Ерітінділердің массалық үлесі бойынша еріген заттың немесе ерітіндінің массасын есептеуге арналған есептер шығару.

Қайталау сұрақтары

1. Ерітіндінің мольдік концентрациясы дегеніміз не?
2. Моль дегеніміз не? Мольді анықтайтын формуланы жаз?
3. Массалық үлесті табу формуласы қандай?
4. Титр дегеніміз не?
5. Ерітінділерді қалай жіктейді?
6. Реакция өнімінің шығымын табуға арналған есепке мысал келтір.
7. Химиялық реакциялардың жылдамдығына байланысты есептер шығару

№ 4- тәжірибелік сабақ (2сағ)

Сабақтың тақырыбы: Күрделі қосылыстың құрамындағы элементтердің массалық үлесін анықтауға арналған есептер. Бейорганикалық және органикалық заттардың ең қарапайым формуласын анықтауға арналған есептер.

Сабақтың мақсаты: Элементтердің массалық үлесін, бейорганикалық заттардың ең қарапайым формуласын табуды үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: химия оқулығы, анықтамалық, есептер жинағы.

Жалпы түсінік

Химиялық формуладан қорытынды, яғни атом-молекулалық теориядан химиялық реакциялардан атомдардың бөлінбейтіндігі шығады. Молекула құрамына тек қана әрбір элементтің бүтін саны кіруі мүмкін. Қарапайым формула әртүрлі элементтің ең кіші саны молекуланың сандық құрамын көрсетеді. Қарапайым формуланы табу үшін молекуланы құрайтын элементтердің сандық қатынастарының берілгені керек. Сонымен бірге, салыстырмалы молекулалық массалары да қажет. Мысалы, құрамында Na-42,1%, P-18,9%,

O-39% тұратын қосылыстың қарапайым формуласын тап. Шешуі: анықталатын формула натрий, фосфор, оттегі атом сандарымен көрсетіледі. Сондықтан Na-x, P-y, O-z таңбаларымен белгілейміз, сонда: $\text{Na}_x\text{P}_y\text{O}_z$ болады.

$x:y:z = 1,83:0,61:2,44$. Осы алынған бірліктер атомдық бірліктер деп аталады. Элемент атомдарының сандары бөлшек сан болмайды, сондықтан бүтін санға айналдыру үшін ең кіші санға бөліп жібереміз, сонда 3:1:4 болады. Сонымен бізге қажет заттың формуласы мынадай болады: Na_3PO_4 . Күрделі заттағы элементтердің қатынастары процентпен немесе массалық үлеспен көрсетілген, қосылыстың нақты шын формуласын көрсетпейді. Сондықтан формуланы дұрыс табу үшін олардың молекулалық массасын білу қажет. Мұндай есептер екі тәсілмен шығарылады:

1-тәсіл: қосылыстың құрамындағы элементтердің құрамының процентпен немесе массалық үлеспен берілуі оның қарапайым формуласын береді. Одан кейін газдың тығыздығы бойынша салыстырмалы молекулалық массаны анықтайды.

2-тәсіл: Газдың тығыздығы арқылы салыстырмалы молекулалық массасын табады. Әрі қарай проценттік құрам немесе массалық үлес бойынша қосылыстың құрамына кіретін әрбір элементтің бөлігін анықтайды. Табылған бірлікті салыстырмалы атомдық массаға бөліп, молекулалық формуладағы атом сандарын табады. Міне осы типтес есептер 10- сынып бағдарламасында бірден бір қарастырылатын есептер болып келеді. Осылардан басқа 10-сыныпта химия курсында қарастырылатын есептердің барлығы шығарылады.

Жұмыстың жүрісі

Орта мектепке арналған химия оқулығындағы (10-сынып) және Химия есептер мен жаттығулар жинағындағы есептерді шығару.

П.Н.Протасов, И.К.Цитович «Методика решения задач по химии» оқулығындағы 100-101 беттердегі № 1-5 есептерді шығаруді шығару.

Қайталау сұрақтары

1. Массалық үлес дегеніміз не?
2. Массалық үлес бойынша заттың қарапайым формуласын қалай табады?
3. 10-сыныптың Химия оқулығындағы 27-29 беттердегі № 1-4 есептерді шығару.

№ 5- тәжірибелік сабақ (2сағ)

Сабақтың тақырыбы: Химиялық реакция теңдеулері бойынша жүргізілетін есептеулердің жалпы әдістемесі

Сабақтың мақсаты: Химиядан реакция теңдеулері бойынша шығарылатын барлық есептердің шығару жолдарын үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: химия оқулығы, анықтамалық, есептер жинағы.

Жалпы түсінік

Химиялық теңдеулер – химиялық реакциялардың шартты жазуы, химиялық таңбаларға және формулаларға сүйеніп жазылады:

Элемент атомы → зат → химиялық реакция

↓

↓

Химиялық таңба → формула → химиялық теңдеу


Химиялық таңба және формула химиялық теңдеудің құрамында атом және зат туралы білдіретін мәліметтерін сақтайды. Химиялық реакция туралы мәліметтермен толықтыра түседі.

Химиялық теңдеулер зат массасының сақталу заңына сүйеніп жазылады. Химиялық реакцияларды сапалық және сандық жағынан сипаттайды:

1. реакцияға кіріскен (бастапқы) және реакциядан шыққан (реакция өнімі) заттарды;
2. олардың моль санын;
3. бастапқы заттардың және реакция өнімінің масса және көлем қатынастарын;
4. реакцияның жылу эффектісін көрсетеді.

Химиялық теңдеу реакцияның типі, түрлері, механизмі және жүру жағдайлары жөнінде көптеген мағлұматтар береді. Жазылу сипатына қарай термохимиялық, молекулалық, толық иондық, қысқа иондық, электрондық, электрон-иондық деп жіктеледі:


1. Молекулалық теңдеу:



2. Толық иондық теңдеуі:



3. Қысқа иондық теңдеу:



Жұмыстың жүрісі

1. Химия оқулығынан, есептер жинағынан есептер шығару;
2. П.Н.Протасов, И.К.Цитович «Методика решения задач по химии» оқулығындағы 75-76 беттердегі № 1-23 есептерді шығаруді шығару.

Қайталау сұрақтары

1. Әр теңдеу нені білдіреді?
2. Химиялық теңдеу бойынша шығарылатын есептердің қандай типтері бар?

№ 6- тәжірибелік сабақ (2сағ)

Сабақтың тақырыбы: Газ заңдарына арналған есептерді шығару. Электрбейтараптық принципін пайдаланып қосылыстардың эмпирикалық формуласын табуға арналған есептер.

Сабақтың мақсаты: Газ заңдарына байланысты есептерді шығару әдістерін көрсету және үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: химия оқулығы, анықтамалық, есептер жинағы.

Жалпы түсінік

9-сыныпта бұрын оқылған қиын есептерді шығару кезінде оқушыларды газтәрізді және бутәрізді заттардың Менделеев-Клапейрон теңдеуі бойынша молекулалық массасын анықтаумен таныстыру қажет. Бұндай есептерді шығару пәнаралық байланыс физикамен, математикамен байланысты болады. Физика курсындағы газ заңдары Гей-Люссак және Бойль-Мариотт заңдарын оқу қажет. Сонымен бірге, дайын формуламен есеп шығару оқушыларға көп қиындық келтірмейді. Менделеев-Клапейрон теңдеуі 9-сыныпта тек қана көбінесе газдар мен булардың молекулалық массасын анықтау үшін қолданылады, заттың массасын, қысымын, температурасын есептеу үшін қолданбайды.

Молекулалық массаны анықтау үшін қолданылатын Менделеев-Клапейрон теңдеуі төмендегідей:

$$Mr = \frac{mRT}{VP}$$

Мұндағы M_r – газтәрізді және бутәрізді заттардың молекулалық массасы, m -газдың немесе будың белгілі көлемінің массасы (г);

T -абсолют температура ($273+t$ C);

V -газ көлемі (мл немесе л);

P - қысым (атм, мм.с.бағ, Па);

R - универсал газ тұрақтысы.

Күрделі зат құрамындағы элементтердің қатынасы процентпен немесе массалық үлеспен берілген, заттың шын формуласын анықтайды. Мысалы, формальдегид және глюкоза процент бойынша құрамы бірдей элементтерден тұрады және қарапайым формуласы CH_2O . Бірақ олардың шын формуласы әртүрлі: формальдегидтікі CH_2O ; ал глюкозаныкі $C_6H_{12}O_6$. Сондықтан дұрыс формуланы шығару үшін, қосылыстың молекулалық массасын білу қажет.

Мұндай есептерді 2- тәсілмен шығарады.

1-тәсіл. Элементтің массалық үлесі немесе проценттік қатынасы бойынша оның қарапайым формуласын табады. Содан соң газ (будың) тығыздығы бойынша салыстырмалы молекулалық массасын анықтайды. Табылған молекулалық массаны қарапайым формуласынан анықталған массамен салыстырып, барлық элементтердің атом сандары неше рет көп екендігін табады, яғни формула қосылысымен шын салыстырмалы молекулалық массасы екеніне жауап беру керек.

2- тәсіл. Таздық тығыздығының қосылыстық салыстырмалы молекулалық массасы табады. Әрі қарай проценттік құрам мен массалық үлесі бізше әр элементтің массасы анықтайды. Табылған бірлікті элементтің салыстырмалы атомдық массасымен болу арқылы молекулалық формуладағы сандарын біледі

Жұмыстың жүрісі

1. Химия оқулығынан, есептер жинағынан есептер шығару;
2. П.Н.Протасов, И.К.Цитович «Методика решения задач по химии» оқулығындағы 78-79 беттердегі № 1-14 есептерді шығаруді шығару.

Қайталау сұрақтары

1. Химияда қандай газ заңдары қолданылады?
2. Менделеев-Клапейрон теңдеуі бойынша заттың молекулалық массасы қалай табылады?
3. Электрбейтараптық принципін пайдаланып қосылыстардың эмпирикалық формуласын қалай табады?

№ 7- тәжірибелік сабақ (2сағ)


Сабақтың тақырыбы: Ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктерге есептер шығару әдістемесі.

Сабақтың мақсаты: Ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктерге байланысты есептер шығару әдістерін үйрету.

Керекті құрал-жабдықтар: химия оқулығы, анықтамалықтар, ерігіштік таблицасы.

Жалпы түсінік

Электролиттер – негіздер, қышқылдар, тұздар балқығанда және суда ерігенде оң және теріс иондарға ыдырайды. Электролит молекуласының иондарға ыдырау процесін электролиттік диссоциация дейді. Электролиттік диссоциация – электролит молекуласының еріткіш судың полюсті молекулаларымен әрекеттесуі нәтижесінде жүретін күрделі процесс. Мысалы: калий бромидінің ионды молекуласы мен бромсутек қышқылының полюсті молекуласының иондарға ыдырауын қарастырайық.



Бұл процесс кезінде судың полюсті молекулалары өзінің теріс полюсі арқылы калиймен, оң полюсі арқылы броммен байланысады. Су молекулалары ретсіз қозғалып, калий ионы мен бромид ионы арасындағы байланысты әлсіретіп, оларды гидраттанған жеке-жеке иондарға айналдырады.

Электролиттің судағы ерітіндісінің иондарға ыдырауына судың диэлектрик тұрақтысы үлкен әсер етеді және оны мына формуладан көруге болады:

$$F = \frac{e_1 \cdot e_2}{E \cdot r^2}$$


Мұндағы F- зарядталған ионның бір-біріне тартылу күші

e_1, e_2 - зарядтардың мөлшері

r- иондардың ара қашықтығы


E- судың диэлектрлік тұрақтысы.

Судың диэлектрлік тұрақтысы (E=80) ерітіндідегі қарама-қарсы иондардың бір-біріне тартылу күші бос кеңістікпен салыстырғанда 80 есе төмендейтінін көрсетеді. Әлсіз және орташа электролиттер молекуласының иондарға ыдырауы аз мөлшерде жүретін қайтымды процесс. Сондықтан басқа да қайтымды химиялық процестер сияқты әлсіз электролиттер диссоциациясына да әрекеттесуші массалар заңын қолдануға болады. Электролитті КА суға еріткенде аз мөлшерде 2 ионға ыдырайды екен дейік,



K- электролиттік диссоциациялану константасы деп аталатын химиялық тепе-теңдік константасы; $[K^+]$ мен $[A^-]$ катиондар мен аниондардың концентрациясы (моль/л); $[KA]$ - диссоциацияланбаған молекуланың концентрациясы (моль/л)

Электролиттік диссоциациялану константасы K мәні неғұрлым көп болса электролит молекулалары соғұрлым иондарға көбірек ыдырайды. Нақты мысалдар ретінде сірке қышқылының қышқылдық иондарға ыдырау процестерін келтірейік:



Бұл қайтымды реакция процестеріне әрекеттесуші массалар заңын қолданып, диссоциациялану константаларын жазайық:

$$K = \frac{[H^+] \cdot [CH_3COO^-]}{[CH_3COOH]} = 1.75 \cdot 10^5$$


$$K = \frac{[H^+] \cdot [CN^-]}{[HCN]} = 7.2 \cdot 10^{10}$$

Еріткенде немесе балқытқанда иондарға толық ыдырайтын заттарды күшті электролиттер, ал иондарға ыдырамайтын заттарды орташа немесе әлсіз электролиттер дейді. Электролиттің иондарға ыдырау қабілетін диссоциациялану дәрежесі анықтайды. Электролиттік диссоциациялану дәрежесі дегеніміз – иондарға ыдыраған молекулалар санының (N_v) жалпы ерітілген молекулалар санына (N_e) қатысы. Диссоциациялану дәрежесі бірдің бөліктері түрінде немесе пайызбен өлшенеді:

$$\alpha = \frac{N_v}{N_e}$$

$$\alpha = \frac{N_v}{N_e} \cdot 100\%$$

Электролиттің диссоциациялану константасы мен дәрежесінің арасында тығыз байланыс бар, екі ионға ыдырайтын электролит үшін әрекеттесуші массалар заңын қолданып, ол байланысты былай көрсетуге болады:



KA – электролит бір катионға, бір анионға ыдырайтындықтан бұл иондардың концентрациясы өзара тең болады:

$$[K^+] = [A^-] = C_m \cdot \alpha$$

C_m - ерітіндінің мольдік концентрациясы

α - диссоциациялану дәрежесі

Жұмыстың жүрісі

1. Химия оқулығынан, есептер жинағынан есептер шығару;
2. Н.Л.Глинка Задачи и упражнения по общей химии. Москва, 1970г. 30-32 беттер №1-10 есептерді шығару

Қайталау сұрақтары:

1. Электролит дегеніміз не?
2. Электролиттік диссоциациялану дегеніміз не? Мысалдар келтір.
3. Ерітінділердегі иондық тепе-теңдіктерге есептер шығар. Мысалдар келтір.
4. Электрондық баланс әдісі бойынша реакция теңдеуі қалай құрылады? Мысал келтір.
5. Иондық тепе-теңдік дегеніміз не?

№ 8- тәжірибелік сабақ(2сағ.)

Сабақтың тақырыбы: Тотығу-тотықсыздану реакцияларын құру әдістемесі. Электролизге арналған есептерді шығару әдістемесі

Сабақтың мақсаты: Тотығу-тотықсыздану реакцияларын құру әдістемесін және электрондық баланс әдісі бойынша теңдеу құруды үйрету. Электролизге арналған есептерді шығару әдістемесі көрсету.

Керекті құрал-жабдықтар: химия оқулығы, анықтамалық, есептер жинағы

Жалпы түсінік

Заттарға оттегінің қосылуы және одан бөлінуі тотығу – тотықсыздану реакцияларында кездесетін жеке жағдай. Электрондарды беру процесі тотығу, ал қосып алу процесі тотықсыздану деп аталады.

Мысалы калий оксидінің K_2O , калий сульфидінің K_2S және калий фторидінің KF түзілу реакцияларын салыстырайық. Калийдің оттегімен әрекеттесу мысалынан тотығатын элементтің атомдары (бұл жағдайда калий) валенттік атомдар электрондарын (оттегі) қосып алатынын көреміз. Калий күкірт және фтормен реакциясында да осындай процесс өтеді. Оларды жинақтай келіп былай деуге болады:

Нәтижесінде валенттік электрондары теріс электрлігі басым атомдарға ауысатын немесе ығысатын (ең көп таралған жағдайы) процестер тотығу – тотықсыздану реакциялары болып табылады.

Ерітіндінің электролизі

Бұл ерітіндіде және иондары болады. Сутегі потенциалынан (-0,41В) мыс потенциалы көбірек болғандықтан, катодта мыс катиондары тотықсызданады:

Анодқа келетін иондардың потенциалына қарағанда потенциалы (+0,82В) аз болғандықтан, анодта гидроксид аниондары тотығады.

Калий сульфаты ерітіндісінде иондары болады. Калий иондары потенциалынан (-2,92В) сутегінің потенциалдары (-0,41В) көбірек болғандықтан, катодта сутегі катиондары тотықсызданады:

Сульфат иондарының потенциалынан (2В) гидроксид ионының потенциалы аз болғандықтан, анодта гидроксид иондары тотығады:

Сөйтіп калий сульфаты ерітіндісін электролиздегенде тұз иондары өзгеріссіз қалады да, шын мәнісінде су молекулалары ыдырауының нәтижесінде катодта сутегі газы, анодта оттегі газы бөлінеді.

Электролит арқылы өткен ток мөлшері мен электролиз кезінде бөлінген заттардың арасындағы сандық байланысты электролиз заңдары немесе Фарадейдің бірінші және екінші заңдары көрсетеді.

Фарадейдің бірінші заңы: электродта бөлінген заттың массасы электролит арқылы өткен ток мөлшеріне тура пропорционал.

$$M = E \cdot Q \text{ немесе } M = EIt,$$

Мұндағы M – электродта бөлінген заттың массасы, E - электрохимиялық эквивалент, ол электролит арқылы бір кулон ток өткенде түзілетін заттың массасы, Q – ток күші I мен уақыттың t көбейтіндісіне тең электр мөлшері.

Фарадейдің бірінші заңы. Электролиз кезінде электролит арқылы өткен токтың бірдей мөлшерлері электродтарда әр түрлі заттардың эквивалентті массаларын бөледі.

Электродта кез келген заттың 1 эквиваленттік массасын бөлу үшін электролит арқылы бірдей ток мөлшері, яғни 96500 кулон электр мөлшері өтуі керек.

Бұл тұрақтыны **Фарадей саны F** деп атайды.

Мұндағы \mathcal{E} – заттың химиялық эквиваленті. Фарадейдің екі заңын біріктіріп, мынадай теңдеумен көрсетуге болады:

Бұл теңдеуді пайдаланып электролизге байланысты әр түрлі есептер шығаруға болады.

Жұмыстың жүрісі

1. Химия оқулығынан, есептер жинағынан есептер шығару;
2. Н.Л.Глинка Задачи и упражнения по общей химии. Москва, 1970г. 36-40 беттер №1-10 есептерді шығару

Қайталау сұрақтары:

1. Тотығу – тотықсыздану реакциясы дегеніміз не?
2. Тотықтырғыштар дегеніміз не? Мысалдар келтір.
3. Тотықсыздандырғыштар дегеніміз не? Мысалдар келтір.
4. Электрондық баланс әдісі бойынша реакция теңдеуі қалай құрылады? Мысал келтір.
5. Электрохимия дегеніміз не?
6. Электродты потенциал деп нені айтады?
7. Фарадейдің I заңы қалай айтылады?
8. Электролиз қайда қолданылады?

ТЕСТ СҰРАҚТАРЫ

1. 9-сыныпта қарастырылатын есептердің жаңа типі қандай?
 - A) Теориялық қатынас бойынша заттардың пайыздық шығымын анықтау.
 - B) Пропорция арқылы зат массасын анықтау.
 - C) Алгебралық тәсілдерді қолданып химиялық есептерді шығару.
 - D) Газ заңдарын қолданып газ көлемін анықтау.
 - E) Зат мөлшерін табу теңдеуіне байланысты зат массасын анықтау.
2. 9-сыныпта қарастырылатын есептердің жаңа типі қандай?
 - A) Зат мөлшерін табу теңдеуіне байланысты зат массасын анықтау.
 - B) Газ заңдарын қолданып газ көлемін анықтау.
 - C) Реакция үшін бастапқы заттың біреуі артық алынған кездегі реакция өнімінің құрамына кіретін зат массасын анықтау.
 - D) Барлық жауап дұрыс емес.
 - E) Пропорция арқылы химиялық есепті шешу.
3. Шығым дегеніміз не?
 - A) Практика жүзінде алынған өнімнің массасы немесе көлемі.
 - B) Зат массасы мен газ көлемі.
 - C) Заттың балқу және қайнау температурасы.
 - D) Газдың қ.ж. көлемі.
 - E) Зат мөлшерінің шамасы.

4. Молекулалық массаны анықтау үшін Менделеев-Клапейрон теңдеуі қалай өрнектеледі?

A) $mRT = Vp \cdot Mr$

B) $Mr = \frac{mRT}{Vp}$

C) $Vp = \frac{mRT}{Mr}$

Д) $mRT = Mr$

Е) $Vp = Mr$

5. Егер есеп шартында V газ көлемі литрмен, қысымы P атмосферамен берілсе, онда R – универсал тұрақтысының мәні нешеге тең?

A) $R=0,082 \text{ л*атм.}$

B) $R=0,82 \text{ л*атм.}$

C) $R=0,0082 \text{ л*атм.}$

Д) $R=0,00082 \text{ л*атм.}$

Е) $R=0,000082 \text{ л*атм.}$

6. Егер газ көлемі мл-мен, ал қысым мм.сынап бағанасында деп берілсе, онда R- универсал газ тұрақтысы неге тең?

A) $R=624 \text{ мм*мл}$

B) $R=62400 \text{ мм*мл}$

C) $R=6240 \text{ мм*мл}$

Д) $R=624000 \text{ мм*мл}$

Е) $R=6,24 \text{ мм*мл}$

7. Температурасы 21°C және қысымы 740 мм сынап бағанасында масасы 0,604 г көміртегінің газтәрізді қосылысының молекулалық массасы қандай?

A) 88

B) 40

C) 44

Д) 80

Е) 160.

8. 27°C және қысымы 1,05 атм. 0,380л қарапайым газтәрізді заттың массасы 0,455 г-ға тең болса, онда газдың молекулалық массасы неге тең болады?

A) 28

B) 56

C) 112

Д) 2,8

Е) 0,56

9. 56г азоттан 48кг аммиак синтезделді. Теориялық қатынас бойынша аммиактың пайыздық шығымы қандай?

A) 140 %

B) 75 %

C) 73,2 %

Д) 70,5 %

Е) 140,5 %

10. 15,2кг кальций карбиді 14кг оксидтен алынған кездегі кальций карбидінің CaC_2 теориялық пайыздық шығымын есепте.

- A) 95 %
- B) 44,5%
- C) 90,5 %
- D) 0,95 %
- E) 9,5 %

11. 10-сыныпта қарастырылатын есептердің жаңа типі қандай?

- A) Теориялық қатынас бойынша заттардың пайыздық шығымын анықтау.
- B) Реакция үшін бастапқы заттың біреуі артық алынған кездегі реакция өнімінің құрамына кіретін зат массасын анықтау.
- C) Алгебралық тәсілдерді қолданып химиялық есептерді шешу.
- D) Пайыздық құрамы бойынша заттың қарапайым формуласын табу.
- E) Газ заңдарын қолданып, газ көлемін анықтау.

12. 10-сыныпта қарастырылатын есептердің жаңа типі қандай?

- A) Молекулалық массасы және берілген сандық анализ негізінде заттың молекулалық формуласын табу.
- B) Реакция үшін бастапқы заттың біреуі артық алынған кездегі реакция өнімінің құрамына кіретін зат массасын анықтау.
- C) Алгебралық тәсілдерді қолданып химиялық есептерді шешу.
- D) Пайыздық құрамы бойынша заттың қарапайым формуласын табу.
- E) Газ заңдарын қолданып, газ көлемін анықтау.

